

Болашақ арнайы педагогтардың инклюзивті құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері

¹***АШИМХАНОВА Гулбану Сериковна**, магистр, аға оқытушы, banu_asyl@mail.ru,

²**АУТАЕВА Акбота Нурсултановна**, п.ғ.к., кафедра меңгерушісі, Akbota-n@mail.ru,

¹**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна**, п.ғ.д., профессор, salta-7069@mail.ru,

¹«Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ, Университет көшесі, 28, Қарағанды, Қазақстан,

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Төле би көшесі, 31, Алматы, Қазақстан,

*автор-корреспондент.

Аңдатпа. Әлемдік білім беру тәжірибесінде негізгі өзгерістердің бірі «интеграция» (бір тұтастыққа біріктіру) термині орнына инклюзия (кіріктіру) терминінің қалыптасуын айрықша атап өтуге болады. Интеграция баланың жүйе талаптарына бейімделуін қарастырса, инклюзия жүйенің бала қажеттіліктеріне бейімделуін қарастырады. Осы тұста еліміздің инклюзивті білім беру жүйесін іске асыруда қарастырылып шешімін нақты табуды қажет ететін мәселелердің бірі кадрлардың біліктілігі, әсіресе болашақ арнайы педагогтарды даярлау процесіндегі кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру. Оның ішінде кәсіби құзыреттіліктің құрамдас бөлігі инклюзивті құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі ерекше маңызға ие. Бүгінгі күні талдау көздері болашақ арнайы педагогтардың инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі теориялық және тәжірибелік аспектілерінде жеткілікті зерттелмегенін көрсетеді. Мақалада болашақ арнайы педагогтардың инклюзивті құзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері қарастырылып, ғылыми психологиялық-педагогикалық зерттеу көздеріне талдау жасалынған. Жүргізілген талдау барысы «болашақ арнайы педагогтардың инклюзивті құзыреттілігі» түсінігі психологиялық-педагогикалық зерттеулерде түрлі ғалымдар тарапынан қарастырылып, «инклюзивті құзыреттілік» түсінігі кәсіби құзыреттілік түсінігіне жатқызылып, өзінің құрылымдық компонентінің бар екендігін көрсетті. Болашақ арнайы педагогтардың инклюзивті құзыреттілігі кәсіби құзыреттілікке жатып, белгілі компоненттерден тұрады. Бұл компоненттерді есепке алу, болашақ арнайы педагогтардың инклюзивті құзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін анықтайды.

Кілт сөздер: кәсіби даярлау, құзыреттілік, инклюзивті құзыреттілік, болашақ арнайы педагогтарды даярлау, инклюзивті білім беру, интеграция білім алуға ерекше қажеттіліктері бар балалар, психологиялық-педагогикалық зерттеу көздері, компоненттері, интерпретация.

Кіріспе. Әлемде болып жатқан жаһандану, білім беру сферасындағы жаңашылдықтар, интеграция т.б. қоғам дамуының басты факторы болып отыр. Заманауи білім беру парадигмасының дамуында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың қолжетімді білім алуы ерекше қоғам назарында. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәбиелеу, қоғамға бейімдеу жолында инклюзивті білім берудің ролі ерекше.

Ағылшын тілінен аударғанда «include» қосамын деген мағынаны білдіре отырып,

инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың білім алуға қолжетімділігін қажет етеді. Барлық балалардың түрлілігін мойындап, әр баланың жеке қажеттілігін есепке ала отырып оқыту арнайы педагогтар тарапынан белгілі кәсіби, инклюзивті құзыреттілікті талап етеді. Яғни, педагогикалық теория мен практика тенденциясының заманауи даму кезеңінде инклюзивті құзыреттіліктің мәні ерекше. Инклюзивті білім беруді практикалық тұрғыдан тиімді жүзеге асыру үшін тек материалды база, оқу

әдістемелік тұсы, қолжетімділікпен қатар қоғам мүшелерінің түрлі көзқарастарымен, жаңа жағдайда кәсіби іс-әрекетін жүзеге асыратын мұғалімдермен, балалармен, ата аналармен т.б. жұмыс жасау керек.

Негізгі бөлім. Құзыреттілік кәсіби іс-әрекетті, тәжірибеде өзінің құзыреттілігін жүзеге асыруға деген адамның қабілетін қамтамасыз ететін білім, қабілет, дағдылардың интегративті бүтіндігі саналады. Педагогтардың инклюзивті құзыреттілігі инклюзивті білім беру сферасында кәсіби педагогикалық функцияларды жүзеге асыру қабілеті, білім беру қажеттілігі бар балалардың түрлі білім беру қажеттілігін жүзеге асыру қабілеті ретінде анықталатындығын Д.Н. Корнеев, Н.Ю. Корнеева, А.А. Саламатов атап өткен [1].

С.А. Курносова, Т.С. Овчинникова, Ю.В. Петрова бойынша, инклюзивті құзыреттілік өзінің функционалды міндеттерін сапалы орындау қабілеті ретінде (педагогикалық және кәсіби) танылады.

Педагогтардың инклюзивті құзыреттілігінің құрылымы туралы зерттеуде И.Н. Хафизуллина мотивациялық, когнитивті, операциялық, рефлексивті, операциялық компоненттерін бөліп көрсетсе, ал Д.Н. Корнев, Н.Ю. Корнеева, А.А. Саламатов кәсіби мотивациялық, кәсіби-рефлексивті, кәсіби-операциялық компоненттерін бөліп көрсетсе [1], ал С.А. Курносова, Т.С. Овчинникова мотивациялық құндылық, тұлғалық, когнитивті-әрекеттік компоненттерін бөліп көрсеткен [2].

Б.А. Тахохов педагогтың инклюзивті құзыреттілігінің қалыптасуының келесі көрсеткіштерін бөліп көрсетіп: кәсіби іс-әрекетті саналы таңдау, білім алушыларға деген гуманистік ықпал ету, өзінің кәсіби іс-әрекетіне деген адамгершілік жауапкершілік, шығармашылық тұғырдың болуы, білімі мен кәсіби этиканы сақтау, кәсіби-коммуникация мәдениеті. Көріп отырғанымыздай, басым ғалымдар педагогтардың инклюзивті құзыреттілігін олардың инклюзивті дайындығы тұрғысынан шығарады. Себебі, инклюзивті дайындығы мен инклюзивті құзыреттілігі бір-бірімен байланысты болып, инклюзивті құзыреттілікті жоғары оқу қабырғасында, яғни арнайы педагогтарды даярлау үрдісінде жүзеге асырудың маңыздылығын көрсетеді. Себебі, дайындық нормативті талаптар, стандартты берілген әлеуметтік әрекеттер туралы білімінің болуы болса, ал құзыреттілік сол стандарттық әрекеттер мен нормативті талаптарды практикалық тұрғыда жүзеге асыруға бағытталады. Яғни, инклюзивті құзыреттілікті қалыптастырудың негізі инклюзивті дайындық болып саналады.

И.Н. Хафизуллина болашақ педагогтардың инклюзивті құзыреттілігін қалыптасты-

ру бойынша өзінің зерттеу жұмысында квази кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруды болжайтын ЖОО-ның арнайы курс бағдарламасын қосуды қарастырған.

В.В. Хитрюк «инклюзивті білім беру жағдайындағы жұмысқа дайындық» түсінігін интерпретациялаудың теориялық тұғырын зерттеуде алғаш рет «инклюзивті дайындықты» құзыреттіліктер кешені деп қарастырып, оны инклюзивті білім беру кеңістігі жағдайындағы нәтижелі кәсіби педагогикалық іс-әрекеттілікке қабілеттілік ретінде таныған. Осылайша ғалым өзінің зерттеу жұмысында инклюзивті білім беру жағдайындағы педагогтың іс-әрекетінің құрылымдық функционалды іс-әрекетін талдауды жүргізіп, онда болашақ педагогтардың инклюзивті дайындығының когнитивті, эмоционалды, мотивациялық конативті, рефлексивті, коммуникативті компоненттерін бөліп көрсетіп, әр элемент үшін олардың деңгейін анықтау әдістемесін сипаттап, инклюзивті білім беру құндылықтарын қалыптастырудың дидактикалық моделін ұсынған.

Жоғарыда көрсетілген деректерді жалпылай отырып, «инклюзивті білім беру жағдайындағы жұмысқа дайындығы» мен «инклюзивті дайындығы» терминдері кей анықтамаларда синонимдес келгенімен, кей ғалымдар аталмыш терминдерді инклюзивті ортада кәсіби педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғаның интегративті қасиеті ретінде қарастырады. Арнайы педагогтардың инклюзивті дайындығын (J.-R. Kim; K. Scorgie; E.-E. Kourkoutas, M.-R. Xavier; A. Moran; C.B. Алехина; Д.З. Ахметова, М.М. Безруких, О.А. Денисова қарастырса, ал «инклюзивті құзыреттілік» түсінігінің негізін анықтаған ғалымдарға (М.Ю. Айбазова, К.Ю. Лавринцев, И.Н. Хафизуллина, болашақ педагогтардың инклюзивті құзыреттіліктің әдіснамалық және әдістемелік тұғырын B. Cagran, M. Schmidt; N.K. French, R.V. Chopra, L. Florian; H. Linklater; A.B. Виневская, О.В. Воробьева, М.Ю. Денисова, А.Д. Гонеев, Е.Г. Самарцева т.б. қарастырған.

Инклюзивті білім беру жүйесінің тиімді жүзеге асырылуы педагогтардың соның ішінде арнайы педагогтардың кәсіби іс-әрекетіне, олардың дайындықтарының қалыптасуына тікелей байланысты. Сондықтан болашақ педагогтардың инклюзивті құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі өзекті саналады.

Кәсіби құзыреттілік кәсіби міндеттерді шешу барысында білім, қабілет, практикалық тәжірибе негізінде нәтижелі әрекет ету қабілеті ретінде танылып, кәсіби құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде инклюзивті құзыреттіліктің кілттік мазмұндық

және функциональды құзыреттіліктері қарастырылады. Жоғарыда атап өткеніміздей, И.Н. Хафизуллина инклюзивті құзыреттіліктің құрылымына мотивациялық, когнитивті, рефлексивті, операциялық құзыреттілікті сипаттауда келесі ерекшеліктерін атап өткен.

Мотивациялық компонент терең тұлғалық қызығушылықпен, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қалыпты дамыған балалар ортасына қосу жағдайында педагогикалық іс әрекетті жүзеге асырудың жағымды бағытымен, мотивтердің үйлесімділігімен (әлеуметтік, танымдық, кәсіби, тұлғалық даму, өзіндік ақуал т.б.) сипатталып, құндылықтар, мотивтер, инклюзивті оқытудың адекватты мақсаты мен міндетінің үйлесімділігі негізінде белгілі кәсіби іс-әрекеттерді орындауға өзін уәждеуі болып саналады. Бұл біріншіден, тұлғаның гумандық бағыттылығы бола, екіншіден, түрлі категориядағы ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға инклюзивті білім беру жағдайын да кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруы саналады.

Когнитивті компонент – инклюзивті білім беруді жүзеге асыруы үшін қажет білім жүйесі негізінде педагогикалық тұрғыда ойлау қабілеті ретінде танылатын когнитивті құзыреттілікті қамтиды. Аталмыш кілттік құзыреттілік негізінде арнайы білім беру сферасындағы инновациялық үрдістердің интегративті ғылыми кәсіби-педагогикалық білімі, тұлғаны дамыту негіздері, оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық-психологиялық негіздері, балалардың жеке және психологиялық ерекшеліктерін білуі, т.б. жатады.

Рефлексивті компонент – инклюзивті білім беруді жүзеге асыру мен даярлау жағдайындағы іс-әрекет рефлексиясына дайындығымен көрініс табатын рефлексивті құзыреттіліктер жатады.

Операциялық компонент – педагогикалық үрдісте нақты кәсіби міндеттерді шешу тәрізді инклюзивті білім беруді нәтижелі жүзеге асыруға қажет педагогикалық іс әрекеттің тәсілі мен тәжірибесін меңгеруді, туындаған педагогикалық жағдаяттарды шешу, педагогикалық міндеттерді мобильді түрде шешу, ізденістік зерттеушілік іс әрекетті жүзеге асыру сияқты қабілеттерді қамтиды.

Болашақ арнайы педагогтардың инклюзивті құзыреттіліктерінің функциональды сферасы операциялық кілттік жүйемен ұсынылып, әр операциялық құзыреттілік өз құрамында мазмұндық құзыреттіліктердің толық циклін құрайды:

- диагностикалық;
- болжамдық;
- конструктивті;
- ұйымдастырушылық;
- коммуникативті;

- технологиялық;
- түзетушілік;
- зерттеушілік [3];
- диагностикалық – білім алушылардың білім алуы мен тәрбиеленуі, тұлғасының дамуы, оқушылар ұжымының даму деңгейінің диагнозын дұрыс қою қабілетін құрайды;

- болжамдық – инклюзивті білім беру жағдайында қандай да бір педагогикалық іс әрекетті немесе нәтижелерін ұсыну қабілеті;

- құрылымдық – диагностикалық мақсаттың адекватты мәліметтерін қою арқылы инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық іс әрекетті құралымдау, оқыту әдістері мен тәсілдерін вариациялау мен балалардың жеке ерекшеліктерін есепке алу арқылы өзінің педагогикалық іс әрекетін сауатты құрылымдау қабілеті саналады;

- ұйымдастырушылық – инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық іс әрекетті ұйымдастыру қабілеті, кәсіби іс әрекетті шығармашылық тұрғыда қолдану (жеке білім беру маршруты бойынша оқыту) қабілеті;

- коммуникативті – инклюзивті білім беруді нәтижелі жүзеге асыруға мүмкіндік беретін педагогикалық үрдістің субъектілерімен конструктивті қарым қатынасты орнату қабілеті;

- технологиялық – дамуында түрлі бұзылыстары бар және әр түрлі білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін инклюзивті білім беру әдістемесі мен технологиясын жүзеге асыру қабілеті ретінде танылады;

- түзетушілік – аралық және қорытынды диагностикалау нәтижелерін есепке ала отырып, педагогикалық үрдістің кез келген кезеңінде педагогикалық үрдісті түзету қабілеті;

- зерттеушілік – тәжірибелік экспериментальды жұмысты өткізіп, педагогикалық құбылыстарды талдау, зерттеу қабілеті.

В.В. Хитрюк инклюзивті білім беру құзыреттілігінің әдіснамасына сүйене отырып, болашақ педагогтардың инклюзивті білім беруге дайындығын субъективті тұлғалық қасиет деп, оның астарында академиялық, кәсіби, әлеуметтік тұлғалық құзыреттіліктер жататындығын айтқан. Бұндағы академиялық құзыреттіліктер инклюзивті білім берудің әдіснамасын, терминологиясын меңгеріп, оларды практикалық міндеттерді шешу барысында қолдану деп, ал кәсіби құзыреттілікті шынайы педагогикалық жағдаятқа сәйкес әрекет ету қабілетіне дайындығы ретінде қарастырған. Әлеуметтік тұлғалық құзыреттілікті тұлға ретінде өзге адамдармен, ұжыммен, қоғаммен өзара қатынасқа түсуіне қатысты пайымдаған [4].

Зерттеу жұмысының әдістері мен әдіснамалық негіздері. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін тұлға дамуының

факторы ретінде субъект іс-әрекетін ашатын (Л.С. Выготский, В.В. Давыдов, И.А. Зимняя, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейннің тұлғалық іс-әрекеттік тұғыры; (И.Ф. Исаев, Е.А. Климов, С.Ф. Анисимов, Е.А. Артамонова, В. Брожик, А.И. Мищенко инклюзивті білім беруге, жалпы балаларға қатынасын құрайтын, болашақ педагогтардың ішкі негізін білдіретін және оларды даярлаудың мазмұндық құрамдас бөлігі саналатын аксиологиялық тұғыр құрады. Зерттеу жұмысын орындау барысында теориялық әдістер (зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді ғылыми теориялық талдау), эмпирикалық әдістер (сауалнама, бақылау, педагогикалық эксперимент), зертеу нәтижелерін талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Болашақ арнайы педагогтардың инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру бойынша зерттеу жұмысының нәтижесі берілген инклюзивті құзыреттілік кәсіби құзыреттілік атты кең түсініктің құрамдас бөлігі ретінде екендігін көрсетіп, инклюзивті құзыреттілікті қалыптастыру бойынша жұмыс инклюзивті құзыреттіліктің мотивациялық – құндылық, эмоциональды-құндылық когнитивті, операциялық әрекеттік, рефлексивті компонент-

терін қалыптастыру негізінде жүзеге асырылатындығын көрсетті. Яғни, мотивациялық ол инклюзивті оқытудың мақсаты мен міндеті бойынша мотивтердің қалыптасуы; когнитивті ол инклюзивті білім беру бойынша білім мен тәжірибенің болуы; операциялық ол инклюзивті білім беру жағдайында нақты кәсіби іс әрекеттерде қолданылатын әдістер мен тәсілдердің болуы; рефлексивті инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға дайындығы жағдайындағы өзінің іс әрекетін жүзеге асыруы саналады. Аталмыш критерийлерді есепке ала отырып, болашақ арнайы педагогтардың инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру моделі құрылды.

Қорытынды. Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, болашақ арнайы педагогтардың инклюзивті құзыреттілігі инклюзивті білім беру жағдайында өзінің кәсіби функциясын орындай алуы, инклюзивті білім берудің кешенділігін қамтамасыз етуі ретінде қарастырылып, оның кәсіби-тұлғалық дайындығының негізгі көрсеткіші саналады. Сондықтан, оны арнайы педагогтарды дайындау үрдісінде жүзеге асыру, оны қалыптастыру барысында «инклюзивті құзыреттіліктің» компоненттерін есепке алу маңызды шарт болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Корнеев Д.Н., Корнеева Н.Ю., Саламатов А.А. Инклюзивная компетентность педагога профессионального обучения: от идеи к диссеминации педагогического опыта / Д.Н. Корнеев, Н.Ю. Корнеева, А.А. Саламатов // Современные наукоемкие технологии. – 2016. – № 5. – С. 116-120.
2. Курносова С.А., Овчинникова С.А., Петрова Ю.В. Маркеры инклюзивной компетентности субъектов образовательного процесса / С.А. Курносова, С.А. Овчинникова, Ю.В. Петрова // Гуманитарные науки. – 2018. – № 2. – С. 85-89.
3. Лукьянова М.И. Развитие психолого-педагогической компетентности учителя. Текст / М.И. Лукьянова. М., 2015 – 196 с.
4. Хафизуллина И.Н. Формирование инклюзивной компетентности учителей в процессе профессиональной подготовки: Автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08: / Хафизуллина Ильмира Наильевна. – Астрахань, 2008. – 22 с.

Психолого-педагогические основы формирования инклюзивной компетентности у будущих специальных педагогов

¹***АШИМХАНОВА Гулбану Сериковна**, магистр, старший преподаватель, banu_asyl@mail.ru,

²**АВТАЕВА Акбота Нурсултановна**, к.п.н., зав. кафедрой, Akbota-n@mail.ru,

¹**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна**, д.п.н., профессор, salta-7069@mail.ru,

¹НАО «Карагандинский университет имени Е.А. Букетова», ул. Университетская, 28, Караганда, Казахстан,

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, ул. Толе би, 31, Алматы, Казахстан,

*автор-корреспондент.

Аннотация. Одним из основных изменений в мировой образовательной практике можно выделить формирование термина инклюзия (интеграция) вместо термина «интеграция» (объединение в единое целое). В то время как интеграция предусматривает адаптацию ребенка к требованиям системы, инклюзия предусматривает адаптацию системы к потребностям ребенка. При этом одной из проблем, требующих решения при реализации системы инклюзивного образования страны, является квалификация кадров и внесение изменений в процесс подготовки будущих педагогов. Особое значение имеет проблема формирования инклюзивной компетенции, составной частью которой является профессиональная компетентность. На сегодняшний день проблема формирования инклюзивной компетентности будущих педагогов недостаточно изучена в теоретическом и практическом аспектах. В статье проведен анализ научно-психолого-педагогических источников, где рассматриваются психолого-педагогические основы формирования инклюзивной компетентности у будущих специальных педагогов. Проведенный анализ показал, что определение понятия «инклюзивная компетентность будущих специальных педагогов» рассматривается разными авторами в психолого-педагогических исследованиях и «инклюзивная компетентность» относится к категории профессиональных компетентностей, которая имеет свою структуру. Структура инклюзивной компетентности будущих специальных педагогов относится к профессиональным компетентностям и состоит из определенных компонентов. Учет этих компонентов определяет успешность формирования инклюзивной компетентности у будущих специальных педагогов.

Ключевые слова: профессиональная подготовка, компетенция, инклюзивная компетенция, подготовка будущих специальных педагогов, инклюзивное образование, интеграция, дети с особыми образовательными потребностями, источники психолого-педагогического исследования, компоненты, интерпретация.

Formation of Personal Attitudes of the Future Special Teacher in the Implementation of Inclusive Education

¹***ASHIMKHANOVA Gulbanu**, Master's Degree, Senior Lecturer, banu_asyl@mail.ru,

²**AVTAYEVA Akbota**, Cand. of Ped. Sci., Head of Department, Akbota-n@mail.ru,

¹**ABILDINA Sultanat**, Dr. of Ped. Sci., Professor, salta-7069@mail.ru,

¹NPLC «Karaganda Buketov University», University Street, 28, Karaganda, Kazakhstan,

²Abai Kazakh National Pedagogical University, Tole Bi Street, 31, Almaty, Kazakhstan,

*corresponding author.

Abstract. One of the main changes in the world educational practice is the formation of the term inclusion (integration) instead of the term integration (integration into a single whole). While Integration provides for the adaptation of the child to the requirements of the system, inclusion provides for the adaptation of the system to the needs of the child. At the same time, one of the problems that need to be solved when implementing the country's inclusive education system is the qualification of personnel and making changes in the process of training future teachers. Of particular importance is the problem of the formation of inclusive competence, of which professional competence is an integral part. To date, the problem of the formation of inclusive competence of future teachers has not been sufficiently studied in theoretical

and practical aspects. The article analyzes scientific, psychological and pedagogical sources, where the psychological and pedagogical foundations of the formation of inclusive competence among future special teachers are considered. The analysis showed that the definition of the concept of «inclusive competence of future special teachers» is considered by various authors in psychological and pedagogical research and «inclusive competence» belongs to the category of professional competencies, which has its own structure. The structure of inclusive competence of future special educators refers to professional competencies and consists of certain components. Taking into account these components determines the success of the formation of inclusive competence among future special teachers.

Keywords: professional training, competence, inclusive competence, training of future special teachers, inclusive education, integration, children with special educational needs, sources of psychological and pedagogical research, components, interpretation.

REFERENCES

1. Korneev D.N., Korneeva N.Ju., Salamatov A.A. Inkljuzivnaja kompetentnost' pedagoga professional'nogo obuchenija: ot idei k disseminacii pedagogicheskogo opyta / D.N. Korneev, N.Ju. Korneeva, A.A. Salamatov // *Sovremennye naukoemkie tehnologii*. – 2016. – No. 5. – Pp. 116-120.
2. Kurnosova S.A., Ovchinnikova S.A., Petrova Ju.V. Markery inkljuzivnoj kompetentnosti sub#ektov obrazovatel'nogo processa / S.A. Kurnosova, S.A. Ovchinnikova, Ju.V. Petrova // *Gumanitarnye nauki*. – 2018. – No. 2. – Pp. 85-89.
3. Luk'janova M.I. Razvitie psihologo-pedagogicheskoy kompetentnosti uchitelja. Tekst / M.I. Luk'janova. Moscow, 2015 – 196 p.
4. Hafizullina I.N. Formirovanie inkljuzivnoj kompetentnosti uchitelej v processe professional'noj podgotovki: Avtoref. dis. ... kand. ped. nauk: 13.00.08: / Hafizullina Il'mira Nail'evna. – Astrahan', 2008. – 22 p.